

ФИЛОЛОГИЯ

ФИЛОЛОГИЯ

PHILOLOGY

ӘОЖ 008(1-6)

¹Н.Б. Абдраимова*, ²А.Р. Ибраимова

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, PhD докторы, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, магистрант, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: nurzhana@mail.ru

Шығыстың ұлы ойшылдары Конфуций мен Абайдың «Луньюй» және «Қара сөздеріндегі» тәрбиелік ой-пікірлерінің өзара сабақтастығы

Бұл мақалада Шығыстың Ұлы Ойшылдары Конфуций мен Абайдың «Луньюй» және «Қара сөздеріндегі» тәрбиелік ой-пікірлерінің өзара сабақтастығы зерттелді. Екі ғұлама ойшылдың философиясының жақындығы, өмірге деген көзқарастарының үндестігі, ойшылдардың жоғарғы идеялық бағыттарының жақындығы екі мәдениетті жақындастырады. Қытай философиясының атасы – Конфуцийді зерттей отырып, дәл сондай идеяларды Абай мұрасынан да байқай аламыз. Ойшылдардың тәрбиелік ой-пікірлерінің ұлт тәрбиесіне тигізген үлесі зор болды.

Түйін сөздер: посткеңестік, шығыс мұрасы, Аспан асты елі, гуманистік дәстүр.

N.B. Abdraimova, A.R. Ibraimova

The looks and thoughts of great thinkers of East – Confucius and Abay in written works “Lun Yu” and “Thinking”

The looks and thoughts of great thinkers of East – Confucius and Abay are reviewed in the research. Great thinkers called people to the justice, education, humanity.

Keywords: post-Soviet, easternheritage, Celestial Empire, humanist tradition.

Н.Б. Абдраимова, А.Р. Ибраимова

Мысли и суждения воспитательного характера великих мыслителей Востока Конфуция и Абая в произведениях «Луньюй» и «Изречения»

В статье рассматриваются взгляды и мысли великих мыслителей Востока – Конфуция и Абая. Великие философы мечтали видеть свой народ просвещенным и образованным и призвали народ к справедливости, образованности, воспитанию и гуманности. Два великих Учителя превратились в символы наций, подарившие своему народу духовное долголетие.

Ключевые слова: постсоветское, восточное наследие, Поднебесная, гуманистическая традиция.

Жаңа ХХІ ғасыр – ақпараттар ғасыры болғандықтан, осы кезеңде Шығыстағы көптеген елдер өзіндік өзгерісімен, өркениетімен көзге

түсуде, әлемдегі барлық мемлекеттердің көңілін өзіне аударып қана қоймай, өзінің өркениеттілігімен, білімділігімен, дәстүрімен,

тарихымен, жаңашылдығымен танылуда. Бұл елдердің қатарында ерекше көзге түсетін, қарқынды дамып келе жатқан мемлекет – Қытай мемлекеті мен тәуелсіздігімізге қол жеткізгендігімізге енді ғана жиырма жыл толып отырған, жарқын даму жолындағы жас мемлекетіміз – Қазақстан Республикасы да ерекше орын иеленеді.

Философия жайлы сөз қозғаған кезде, посткеңестік кеңістікте философияның пайда болу, даму ошағы деп философтар Ежелгі Грекия, Үндістан, Қытай елдері деп таныса, ал қазір ғалымдар философия басқа аумақтар мен мәдени әлемдерге тарайтын бірегей құбылыс деген көзқарасты құптайды, философия кез келген мәдениетке тән және әр халықтың даму барысында болған нәрсе деп біледі.

Шығыс философиясына келер болсақ, оның күретамыры терең таралған, күрделі және көп салалы болып келеді әрі адамзат мәдениетінің көне де құнды негізі болып келетіндіктен, адамзат өркениетіне тигізер ықпалы өте зор. Қазіргі кезде Шығыс тәжірибесі мен дүниетанымдық бағдарына деген ықылас-ынта қарқындауда.

Бүгінгі таңда шығыс елдерінің даму қарқыны үдей түскен жағдайда, шығыс мұрасын кең аумақта, гуманистік дәстүрде қарастыру қажеттілігі туындады. Шығыс мұрасына үңіле отырып, өзіміздің тегіміз бен тарихи тәжірибемізді дұрыс ұғынамыз, шығыс пен батысты салыстыра отырып, өзіміздің дүниетанымдық деңгейімізді толықтыра түсетініміз күмәнсіз. Қоғамдық өмірде адамның философияға деген ынта-ықыласы суымаған, бірақ бір деңгейде қалмаған. Өйткені, философияның қарастыратын өзекті мәселелері әртүрлі және сол проблемаларды талқылау мен шешуші бағдары да, жолдары да бір-біріне ұқсай, үйлесе бермейді.

Шығыстың ғұлама ойшылдары Абай мен Конфуций де адамның жанын, халықтың рухын жетік түсіне білді. Өздері өмір сүрген заманда қарапайым халықпен бірге суыққа тоңып, ыстыққа төзіп, өз заманымен біте қайнасты.

Қытай қарқынды дамып келе жатқан мемлекет, ал Қазақстан жалындаған жас мемлекет болса да, бірақ екі мемлекеттің дамуына, рухани өзегінің жетілуіне Конфуций мен Абай сынды ұлы ойшылдардың қосқан үлесі өте зор және сол елдің халқының өмірінде алатын орны да ерекше.

Кез келген елде халықтың көкейінде тұрған мәселелерді ой елегінен өткізіп, жаны ауыратын тұлғалар көп кездеседі, бірақ халықтың жадында қалатындары көп емес. Ғұламаны өмірге келтірген елге оның даңқы тек абырой-атақ үшін ғана қажет емес.

Біріншіден, даналар өз халқына үлгі-өнеге болып келеді. Осындай даналары мен ғұламалары бар халықтар ғана өз интеллектуалдық потенциалын өсіруге қол жеткізе алады әрі рухани кемелденеді. Екіншіден, олардың даңқы мен атағы ұлтты ұйымдастыруға қызмет етеді. Ұлттық мақтанышты оятады, ұлттық намысты қорғайды.

Шығыс философиясында, соның ішінде қытай философиясында гуманитарлық және саяси білімдер өз жүйесін сол көне дәуірде қалыптастыра бастады. Содан гуманитарлық және саяси ғылым жаратылыстанудан гөрі философиялық дәстүрге басым ықпал етті.

Қытайлықтар Аспан қайырымдыларды, рахымшылдарды жарылқап, ал мейірімсіз, қатыгез адамдарды аяусыз жазалайды деп түсінген. Адамгершілік, қайырымдылық және т.б. ұғымдар Аспанның космостық күштерінен қуат алған, онымен ұдайы байланыста болған, халықтың қамын ойлаушы ел билеушісінің бойындағы ізгі қасиеттерімен байланыстырылып қарастырылады. Қайырымды, дана билеуші ғана өз елін, өз халқын басқара алады, ал бұл қасиеттерден ада болғандар ел басқару құқығынан айырылады.

Қытайдағы саяси ілім тарихында Конфуций ілімі маңызды рөл атқарады. Оның негізін қалаған – Ұлы Қытай ойшылы – Конфуций болды (б. з. б. 551-479). Оның көзқарастары өзінің шәкірттері құрастырған «Луньюй», «Әңгімелер мен пікірлер» кітабында жинақталған. Бұл кітап ғасырлар бойы Қытай халқының өміріне, тәлім-тәрбиесіне едәуір ықпал етті. Конфуцийдің даналық өсиеттері әлі күнге дейін мәнін жоғалтқан жоқ. Кітаптағы әрбір қағида, ой толғаулары: «Ұстаз былай деген екен...» деп басталады. Бұл еңбек ұлы философтың ілімінен толық мағлұмат беретін жалғыз жазбаша дерек болып табылады. Конфуций өз толғауында: «Даналыққа біз үш түрлі жолмен жетеміз, ең ізгі жол – санамен саралау, ең оңай жол – еліктеу, ең қиын жол – тәжірибеден тәлім алу», – деді. Яғни Конфуций үшін тәжірибе, ең алдымен, адамдар арасындағы қарым-қатынас болып

табылады. Дана адамның бойындағы ең басты қасиеттер – халықтан алшақтамауында, халық қалай өмір сүрсе, дәл солай тіршілік жасауында, қоғамдық салт-дәстүрлерді қатаң сақтай отырып, өмірдің моральдық жағынан қанағат алуды басты орынға қоюында.

Ал қазақ халқы үшін Абай (1845-1904) – өз халқының патриот ұлы, ұлттың атасы, халықтың рухани әкесі, қазақ халқының жоғын жоқтап, мұнын зарлаған ғұлама тұлға, кемеңгер философ. Абайды біз – өз ұлтын көзі ашық, білімді, өнегелі елдің қатарында көруді аңсаған патриот ақын ретінде де білеміз. Ол елдің болашағы үшін, ұрпағы үшін қатты алаңдады, сонымен қатар, елдегі болып жатқан келеңсіз оқиғалар Абайды ойландырмай қоймады. Абайдың ойлау дәрежесі өте биік, ауқымы кең. Ол өз шығармаларында саралы да сырлы сөзімен қазақ болмысының көптеген мәселелерінің шешімін тауып беріп, ой қозғайды. Оның ой толғамының негізгі діңгегі адам мәселесі, адам болу, адами өмір сүру шарттарын анықтауында. Бұл адам мәселесін қарастыруда Абай дүниежүзілік философиялық ой деңгейіне көтерілген. Адам мәселесін таза күйінде, жалпы заңдылықтар тұрғысынан, адам болудың жалпылама шарттары тұрғысынан қарастыра білуі, оның мәніне үңілуі, адам ететін негізгі қасиеттерін дәл анықтады. Ол адамгершілік хақында да көп толғанған: «Адамгершілігі жоқ адамның иманы жоқ, иманы жоқ адам – адам емес», – деп есептеген. Мұхтар Мағауин Конфуций жайлы: «Күнфудзы қазір Батыс әлемінің өзінде адамзат ақыл-ойының бастау көзінде тұрған ең ұлы ойшылдардың бірі деп есептеледі. Біз бірегейі дер едік. Өзімізге жақындығынан. Мекен, нәсіл тұрғысынан емес. Рухани тұрғыдан. Қазақтың ата сөздерімен, ұлы билердің үлгілі толғамдарымен, ұлы Абаймен туыстығы үстірт қарағанның өзінде бірден байқалады. Бұл – естен кеткен ескі замандардағы, бұдан үш мың, төрт мың жыл бұрынғы тарихи тағдырластығымыз, әрқилы тұрғыдағы мәдени, әдеби, рухани байланыс, жалғастығымыздың нәтижесі. Бұдан жиырма бес-отыз ғасыр бұрын жасаған әлдебір ақылман бабамыздың ұлағатты сөзі Күнфудзы арқылы жаңғырып, өзімізге қайта жетіп жатса, таң емес. Ұлы Ұстаздың бізді де баураған бір себебі – осы», – деп айтқан болатын [1]. Яғни арада қанша мыңдаған жыл өткен сайын Конфуцийдің ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе

жатқан өсиеті өз қасиетін артпаса, кеміткен жоқ, есесіне уақыт өткен сайын жандана түсуде. Ал Абай бірнеше мыңдаған жылдарды араға сала отырып, оның көзқарасын, пікірін жалғастырушы ретінде көрініп отыр, сонымен қатар екі ойшылдың шығармашылықтары сабақтасып, үндесуде.

Абайдың адам, қоғам, тәрбие туралы жазғандары, терең философиялық антропологиялық, мәдениет философиясы бағытында мәні бар ойлары қазіргі тәуелсіздікке қол жеткізген уақытта ерекше маңызды болып, қазақты өзіне-өзін танытып, бүкіл дүниеге әйгілі қылып, қаз басып келе жатқан ұлттық мемлекетіміздің сүйеніші, арқауы боларлық идеологиялық сипаттағы құндылықтардың негізін қалайтын ойлар жүйесіне айналып отыр.

Ұлы ойшылдың өмірінің соңында жазылған 45-қарасөзі мен өлеңдерінің бір шамасында қоғамдық ой-пікірлері ашық та айқын жазылған. Мысалы, өзінің жиырма екінші сөзінде ол:

«...Болыс пен биді құрметтейін десең, Құдайдың өзі берген болыстық пен билік елде жоқ. Сатып алған, жалынып, бас ұрып алған болыстық пен биліктің ешбір қасиеті жоқ. Мықтыны құрметтейін десең, жаманшылыққа елдің бәрі мықты, жақсылыққа мықты кісі елде жоқ» [2], – деген болса, Конфуций: «Ортасын шамалайтын адамдарды таба алмадым, сондықтан өз дегенін істейтін немесе сақтықпен қарайтын адамдармен жарасуға мәжбүрмін. Өз дегенімен жүретін кез келген іске кіріседі, сақшыл жағымсыздықты айналып өтеді», – деп айтқан екен [3, 13 б.].

Абай өзінің 38-қара сөзінде “Қалың елім, қазағым, қайран жұртым, Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың, Жаксы менен жаманды айырмадың, бірі – май, бірі – қан боп енді екі ұртың” деп күйзелді [2]. Ол халықтың ауыр тағдырын, өміртұрмысын өз шығармаларында шеберлікпен көрсете отырып, оларды қоғамдық асыл мұраттарға жетуге ынталандырды, өз кезеңіндегі әлеуметтік қайшылықтарды, теңсіздіктерді көре білді. Сонымен қатар өмірдегі барлық өзгерістер адам өмірімен тығыз байланысты екенін айтып, адам мен қоғам бір-біріне күн көре алмайтынын дәлелдеді. Абай заман ағымын сезініп, халықтың, ұлттың келешегін болжады. Қазіргі таңда заман ағымы, уақыт өзгергенмен, Абай көзқарасы, өсиеттері еш өзгеріссіз қалды, бірақ заман талабына сай. Ұлы

философ, жазба әдебиетінің негізін қалаушы Абайдың әлеуметтік-саяси, антропоцентристік, гуманистік көзқарастарының орны ерекше. Оның әрбір поэмалары, қара сөздері, өлеңдері мен аудармаларының негізгі мәнін тереңінен түсіне алсақ, өткен заманды, елдің жайын, халық тағдыры мен арманын ұғынамыз. Сол арқылы қазіргі кезенді, кешегі мен бүгінді, болашағымызды айқындай аламыз.

Абай «Ғақлиясын» «қарасөз» деп атауы да тегін емес. Замандастары көркемсөзді өлең мәтінімен шығарған кезде, Абай қазақтың қара сөзіне атам заманнан келе жатқан, жыраулар қалыптастырып, түйіндеп берген ұлттық пәлсапалық ойлау жүйесін қайтарды. Бұл ата-бабаның өсиет сөзі іспеттес. Дүниеге деген көзқарас, болмыс, табиғат құбылыстарының сыры, оның XIX ғасырда өмір сүрген данышпан, ойшыл Абай Құнанбайұлы шығармаларынан үнемі өзгерісте болатынын, мұның өзі дамудың табиғи заңдылықтары екендігін оқып, үйренуге болады. Ұлы ақынның өмірінің соңында жазылған 45-қара сөзі мен өлеңдерінің бір шамасында қоғамдық ой-пікірлері ашық та айқын жазылған.

Өз халқын көзін ашып, ояту үшін білімдерін қару еткен ұлт жанашыры – Шығыстың ғұлама ойшылдары Абай мен Конфуций (б.з.б. 551-479) әр түрлі кезеңде өмір сүрсе де, ұстанған бағыттары өте ұқсас. Жүректері халқы деп соққан кеменгер философтардың адамзат баласына сонау заманда қалдырған даналық дәрістері, принциптері, терең ойлары, қара сөздері мен өсиет сөздері әлі күнге дейін орнын тауып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келген болса, онда әрі қарай да жалғасын таба бермек. Абай мен Конфуций үшін негізгі мәселе – адам мәселесі және ол кең ұғымда алынған. Дәлірек айтсақ, ойшылдар адам мәселесінің барлық қырларын жүйелілік тұрғыдан қарастырады.

Абай мен Конфуцийдің көздеген мақсаты – кісілік қасиетті сақтау: үлкенді сыйлау, кішіні құрметтеу, жаманнан жирену, жақсыдан үйрену, әділеттілікті, адалдықты сақтау, ақылдылықты, ізгілікті, мейірімділікті ұстана отырып, ұлттың өзіндік ерекшелігін, қасиетін сақтап қалу. Егеменді қазақ халқы үшін де, Аспан асты елі – қытай халқы үшін де Абай мен Конфуцийдің ұлт жанашыры ретінде алатын орны орасан зор. Әділдікті меңзеген олар өз халқын әділ жолды

ұстана отырып, нық қадаммен сенімді түрде алға ұмтылуға шақырды, халықтың көзін әділдікке жеткізу үшін аянбай тынымсыз еңбек етіп, тер төкті. Абай мен Конфуций ілімдерінің басты қағидалары – адамгершілікті сақтау, шектен шықпау, бір-біріне жол беру.

Абай – халық туралы сөйлегенде, ел жайын қозғағанда кейде «қазақ», «халық», «ел», «жұрт» деген сөздерді қолданады. Бірақ есте тұратын нәрсе – осы сөздердің нақтылы мағынасы ылғи бірдей болмай, айтылатын ойдың орайына қарай мағынасы өзгеріп тұрады. Елдің елдігін танытатын үлкен ұғым ретінде «халық», «қазақ» дегенді көбірек айтса, «ел», әсіресе «жұрт» деген сөзді телісі бар, тентегі, аласы бар, құласы бар дегендей көпшілік деген мағынада жиі қолданады. Сөйтіп, «ел», «жұрт» деген ұғымдар арқылы сыншы ақын қоғам өміріндегі қарама-қайшылықтарды ашып көрсетуге ұмтылады. Ақынның «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Сегіз аяқ», «Ғылым таппай мақтанба», «Болыс болдым мінеки» секілді таңдаулы көркемдік туындыларының қай-қайсысын алсақ та, оларға идеялық арқау болатын келелі мәселелер – білімге, адал еңбекке, әділеттілікке шақыру, надандықты, артта қалу кесепатын айыптау, алауыздық пен керіс-тартысты, өкімет билігін теріс пайдалануды әшкерелеу екені бірден байқалады. Халықтың ауыр тағдырын, өмір-тұрмысын ерекше шеберлікпен, нанымды көрсете отырып, Абай халықты қоғамдық асыл мұраттарға жетуге ынталандырады.

Абай: «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» [2] – деген болса, Конфуций: «Егер адам өзін-өзі жөндей алса, онда оған басқару жұмысын атқару қиын ба? Егер де өзін жөндей алмаса, онда өзгелерді қайтіп жөндемек?» – деген екен [3, 13 б.].

Конфуций мен Абайдың айтуынша, ел басқаруды әрбір адам саналы түрде жүзеге асыруы, өз-өзіне жоғары талаптар қоя білуі және қабылданған ережелерді мүлтіксіз орындай білуі шарт. Ал, ең бастысы, әрбір адамның бойынан – білім, еңбек, әділеттілік пен парасаттылық табылғанда ғана қоғамда келелі өзгерістерді жүзеге асыруға мүмкіндік туады. Бұл қағида – көптеген елдің мәдени-тарихи дамуына ерекше ықпал етті, атап айтсақ, Қытай елі Конфуцийден кейінгі екі жарым мың жыл бойы

тәуелсіздігін сақтап, бес мың жылдық тарихы бар мәңгі мемлекетке айналса, қазақ қоғамында XX ғасыр басындағы қазақ саясаткерлері, ойшылдары мен жазушылары Абайдан үлгі алды, өйткені Абай – сарқылмас рухани қазына және қазақ философиясының ең биік шыңы, ал абайтанушылардың әрбір жаңа буыны ұлы ойшыл-философтың шығармасынан қазіргі заман мен адамның рухани әлемін терең түсінуге септігін тигізетін нәрсені табады.

Қорыта айтқанда, екі ғұлама ойшыл әртүрлі дәуірде өмір сүрсе де, өмірге деген көзқарастары ұқсас, адамгершілікке, адалдыққа деген талап-

тары биік. Ғұлама ойшылдардың көзқарастары неге үндеседі деген сұрақ қоятын болсақ, оны өмірдің табиғи заңдылықтарымен түсіндіруге болады. Себебі өмірдің ағымы бір, философиясы да бір заңдылыққа бағынады. Конфуцийдің даналық ойы ғасырлар өткеннен кейін Абайдың даналығында жалғасын тауып, қазақ халқына рухани азық болғандай-ақ, Конфуцийдің дана өсиеттері қытай халқын әлі күнге деген рухани жетелеп келеді. Сондықтан да жақсыдан үйреніп, өзіміздің де ұлы бабаларымызды зерттеп, өткеннің асыл қазыналарын келесі ұрпаққа жеткізу негізгі міндетіміз болмақ.

References

- 1 “Korshi ambebar” – madeni jurnal. – Almaty, 2007. – №21. – 66 b.
- 2 Abai. Karasoz. Poemalar. – Almaty, 1993.
- 3 Moldabekov J. Ejelgi Shygys filosofiasy. T. 1. – Almaty: Zhazushu baspasy, 2005.
- 4 Perelomov L. S. Konfucii “Lunyu”. – M., 1998.